

СЕКЦИЯ 9. СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ

Подсекция 9.1. Тенденции и перспективы развития социологии и социальной работы в РК

УДК 364.4

ҚАРТТАР ҮЙІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ РӨЛІ

Абильтаева Салтанат Жаслановна

abiltayeva.s@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің әлеуметтік жұмыс мамандығының 4 – курс студенті, Нұр – Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Досмурзаева Д.О.

Халықтың қартаюы – әлем елдерін жаппай қамтып келе жатқан үдеріс. Қарт адамдардың үлесі мен санының артуы байқалғандықтан, оларға көмек көрсету өзекті мәселелерінің бірі екені анықталды. Адамның жасы ұлғайған сайын әлеуметтік жағдайы күрт өзгереді: денсаулығы нашарлайды, қоршаған ортамен байланысы үзіле бастайды, белсенділігі төмендеп, кейде өздерінің негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайды. Қарт азаматтар үшін әлеуметтік қызметтердің сұранысы өсуде және де сондай қызметтердің бірі қарттар үйі болып саналады.

Қарттар үйі – өз-өзіне қызмет көрсету қабілетін ішінара немесе толық жоғалтқан және денсаулығына байланысты сырттан тұрақты бақылауды қажет ететін қарт адамдар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған мемлекеттік немесе жеке ұйым. Әдетте қарттар үйі үйге жақын жағдайды ұйымдастыру, тұрғындардың бейімделу процессінде қолдау, бос уақытын ұйымдастыру, оларға күтім жасау және де медициналық, психологиялық көмек көрсету міндеттерін қамтиды. Қарт адамдардың қажеттіліктері мен оларға медициналық, психологиялық және де әлеуметтік көмекті ұйымдастыратын мультидисциплинарлы топ ұйымдастырылуы қажет. Бұл ұжымның құрамы келесі мамандардан тұрады: медицина қызметкері, психолог, заңгер, әлеуметтік қызметкер және әлеуметтік координатор [1].

Әлеуметтік жұмыскердің қарттар үйіндегі тәжірибесі – жаңа зерттеліп келе жатқан бағыттардың бірі. Әлеуметтік жұмыскер қарттар үйінің тұрғындары мен қоршаған орта арасында делдал рөлін атқара алады, себебі қарттармен жұмыс жасаудағы мамандардың негізгі функцияларының бірі – қарт адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту. Әлеуметтік қызметкер қарттар үйі тұрғындарының әлеуметтік, психикалық және эмоционалдық қажеттіліктерін анықтайды, сондай-ақ осы қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қызметтерге қол жеткізуге көмектеседі. Әлеуметтік жұмыскердің рөлін түсіну үшін, қарттар үйінде атқаратын негізгі функцияларына тоқталып өту керек. Мысалы, Ұлттық әлеуметтік қызметкерлер қауымдастығы (NASW) қарттар үйіндегі әлеуметтік жұмыскердің рөлін айқындауға ерекше назар аударды. Ұлттық әлеуметтік қызметкерлер қауымдастығының (NASW) Массачусетс бөлімі қарттар үйіндегі әлеуметтік жұмыс стандарттарына сәйкес келесі міндеттердің тізбесін қарастырады: [2]

Кесте – 1. Ұлттық әлеуметтік қызметкерлер қауымдастығының (NASW) Массачусетс бөлімі қарастырған қарттар үйіндегі әлеуметтік жұмыскердің міндеттері

Әкімшілік – мемлекеттік ережелерге сәйкестікті қамтамасыз ету және мекеме құрылымы мен саясатын зерттеу;

– мекеменің әлеуметтік жұмыс саясатын әзірлеуге қатысу;

– тұрғындар мен олардың отбасылары үшін ағымдағы тиімді қауымдастық ресурстарының тізімін әзірлеу, сақтау және пайдалану;

– тұрғындардың психоәлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандырудағы жетістіктерді құжаттау, т.б.

Қорғау – тұрғындардың құқықтарын, әрбір қарт адамның психологиялық жағдайын ілгерілету және қорғау үшін мультидисциплинарлы командамен, әкімшілікпен тікелей жұмыс істеу;

- қарттар үйінде тұрғындарға қиянат жасаудың алдын алу;

- қарттар үйінің тұрғындарына әсер ететін заңдар, ережелер және бағдарламалар сияқты қауымдастықтардың өзгерістері мен мүмкіндіктерін анықтау;

- тұрғындарға олардың құқықтары жайлы ақпарат беру, өмір сүру сапасын жақсарту үшін қарт адамдармен, олардың отбасылармен тікелей жұмыс жасау, т.б.

Клиникалық – әрбір қарт адам үшін әлеуметтік, эмоционалдық және психологиялық қажеттіліктерді анықтайтын әлеуметтік жеке-іс құжатын және психоәлеуметтік бағалауды жүргізу;

- қарт адамдардың психоәлеуметтік қажеттіліктерін, осы қажеттіліктерге байланысты қол жеткізуге болатын мақсаттарды және тиісті әлеуметтік жұмыс шараларын анықтайтын жазбаша жұмыс жоспарын әзірлеуге қатысу;

- тұрғындарға олардың әлеуметтік, эмоционалдық, психологиялық қажеттіліктерін қоса алғанда, жаңа ортаға көшу мен бейімделу процесін жеңілдетуге көмектесу үшін терапевтік араласуды қамтамасыз ету;

- тұрғындардың қажеттіліктеріне сәйкес топтар ұйымдастыру;

- тұрғындарды қарттар үйінен босату жоспарын үйлестіру, т.б.

Ағартушылық – мекеме қызметкерлерін әлеуметтік жұмыскердің рөлі мен міндеттерін, қарттар үйіндегі тұрғындар мен отбасылардың қажеттіліктері, қартаю мен мүгедектік жайлы дұрыс ақпарат беру;

- мекеме қызметкерлерін мәдени-әртүрлілікке үйрету және тұрғындарға қамқорлық жасаудағы әрбір қызметкердің маңыздылығын айту;

- мекеме қызметкерлеріне қарт адамдардың құқықтары жайлы, оларға қиянат жасау жағдайларды тану және алдын алу бойынша хабарлау;

- тұрғындар мен отбасыларға олардың құқықтары, мәселелерді тиімді шешуге көмектесетін қолжетімді қауымдастықтар мен қызметтер ауқымы, сондай-ақ жұмыс барысы туралы хабардар ету.

Қарттар үйіндегі жағдай тұрғындарға тікелей әсер етеді, сондықтан жайлылық пен тиімді қорғаныс шараларының болмауы қарттар үйінің тұрғындарын қауіпке ұшыратады. Қарттар үйінде тұратын адамдардың қабілеттері мен мүмкіндіктерін қолдау, қайта қалпына келтіру өте маңызды. Осы бағытта әлеуметтік қызметкер келесі жағдайларда маңызды рөл атқарады:

- қарттар үйінде тұрғындардың физикалық, эмоционалдық жағдайын қолдау үшін бос уақытын тиімді ұйымдастыру;

- қарт адамдардың тұлғалық ерекшеліктері мен қабілеттерін анықтап, оларды қызықтыратын қызмет түрін таңдауға көмектесу;

- тұрғындарға психоәлеуметтік қажеттіліктері бойынша кеңес беру және де қарт адамдарды тыңдай білу;

- мекемеде қарт адамдарды бейімделу мен оңалту мақсатында ұйымдастырылатын шараларға қатысуға ынталандыру және қызығушылығын арттыру;

- тұрғындар мен мекеме қызметкерлері арасында жайлы жағымды қарым-қатынасты сақтауға тырысу, т.б. [3]

Қарттар үйінде тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін, бос уақытты мүмкіндігінше тиімді пайдалы өткізу керек. Мысалға, әлеуметтік жұмыскердің рөлі қарт адамдардың белсенді өмір салтын қалпына келтіруде, олардың қабілеттерін ашып, қарттар үйінде қызығушылық топтарын ұйымдастыруда көрінуі мүмкін. Мәдени іс-шаралардың, қызығушылық клубтарының ұйымдастырылуы мекеме тұрғындарының күнделікті өмірі мен денсаулығына оң әсерін береді. Әлеуметтік қызметкердің кеңес беру жұмысында алатын орнын да атап кету маңызды, себебі маман қарт адамға қиын өмірлік жағдайының мәнін

түсініп, жаңа кезең мен жаңа ортаны позитивті қабылдауға, мазалайтын мәселелердің шешімін табуға көмектеседі [4].

Қорытындылай келе, қарттар үйінде әлеуметтік жұмыскердің рөлі қаншалықты маңызды екенін байқауға болады. Қарт адамдар әлеуметтік жұмыс тәжірибесінде қиын объектілерінің бірі болғандықтан, маман түрлі бағытта өз ісінің кәсіби шебері болуы тиіс. Әсіресе, қазіргі таңда шетелдік тәжірибелерге назар аударып, Отандық тәжірибемізге тиімді жұмыс модельдерін ұсыну керек. Әлеуметтік жұмыскер қарттар үйі тұрғындарының толыққанды өмір сүру сезімін қайтадан қалпына келтіруде, қарт адамдарды қоғамға қайта тартуда ерекше рөл атқарады. Осылайша әлеуметтік қызметкердің қарт адамдарға қызмет көрсетуде маңызды рөл атқаратыны айқындалады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1.Холостова, Е. И. Стационарные учреждения социального обслуживания населения: история, практика, реформы: учебное пособие / Е. И. Холостова. - Москва: Дашков и К, 2021. - 233 с.
- 2.National Association of Social Workers – Massachusetts Chapter: <https://www.naswma.org/>
- 3.Основы социальной работы: Учебник / Отв. ред. П.Д. Павленок. - М.: ИНФРА-М, 1999. - 368 с.
- 4.Основы социальной работы: Учеб. пособие / Под ред. Н.Ф. Басова. - М.: Издат. центр «Академия», 2004. - 288 с.

УДК 316.334

ЖАСТАР АРАСЫНДА ДІННІҢ ТАРАЛУЫ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ПРОЦЕСТЕРГЕ ӘСЕРІ

Ақберген Әлішер Нұрлыбекұлы

Ali_akb2001@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Әлеуметтік ғылымдар факультеті,
«Әлеуметтану» мамандығының студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші - Есенова Дина Қыдыралиқызы

Қазақстан жастарының құндылықтарының қалыптастырудағы діннің рөлін зерделеу аса маңызды, әсіресе соңғы жылдардағы қайғылы оқиғалар тұрғысынан өзекті. Соңғы социологиялық теорияларда діннің заманауи әлемдік тренді ретінде секуляризация үрдісі белгілі. Яғни секуляризация Еуропа елдерінде он сегізінші ғасырдан бастау алған дін мен мемлекет институттар арасының алшақтауы және ғылыми-техникалық прогрестің дамуымен дін түсіндіруші функциядан айырылуы, осыған орай діни сенімнің төмендеуіне алып келді. Дін қоғамдық тұрақтылықты сақтаушы институт ретінде алғашқы Э.Дюркгейм, Г.Зиммель, М.Вебер және т.б социологтардың еңбектерінде ұйымдастқан адамдардың мінез-құлықтары және ол жеке индивидке емес, жалпы белгілі бір топқа бағынады. Яғни дін әлеуметтік институт ретінде әлеуметтік-саяси процестердің инструментіне айналды.

Соңғы жылдары республикада орын алған қайғылы оқиғалар қазақстандық қоғамның елдің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін әлсірету қаупімен бетпе-бет келгенін көрсетеді. Ел халқы мемлекет пен бейбіт тұрғындарға үлкен қауіп төндіретін террористік актілер мен экстремизм көріністерінің барлық жағымсыз салдарын шынымен сезінді.Бұл 2011-2012 жылдардағы, 2016 жылы Ақтөбе және Алматы, Балқаш қалаларындағы экстремистік террорлық актілердің радикалдық діни ұйымдардың ұйымдастырылды. Бейресми мәліметтерге сәйкес 15 мыңға жуық ізбасарлары бар және 80 мың адам салафиттік сайттарда үнемі отырады. Ал түрмелерде 500-600-ге жуық сотталған исламистер бар [1].Бас прокуратураның мәліметінше, Қазақстанда экстремизм мен терроризм үшін сотталған адамдардың орташа жасы 28 жасты құрайды. Сондай-ақ, 16-17 жас аралығындағы жас жігіттер мен қыздардың радикалдану жағдайлары бар [2].